

Серіткіш сусынның зияны

9-бет



Ұлт мүддесі біріктірген күрескерлер

16-бет



Тарихи жүзде

22-бет



# EGEMEN QAZAQSTAN

23 АҚПАН 2024 ЖЫЛ, ЖҰМА №38 (30767)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## «Бәйтеректің» міндеті – бизнесті лайықты қаржыландыру



инфрақұрылым, көлік және логистика, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы сияқты маңызды салаларға басымдық беріп, оларды кешенді түрде қаржыландыруға күш салуға ниетті.

Сонымен қатар Президентке компанияның бәсекеге қабілетті кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған жоспары туралы баяндалды. Басты мақсат – Қазақстанның барлық өңірінде шағын, орта және ірі бизнес жобаларын қаржыландыру көлемін ұлғайту. Шағын және орта бизнес бағыты бойынша шағын және монокалалардағы, сондай-ақ ауылдардағы кәсіпкерлерге белсенді қолдау көрсетіледі.

Мемлекет басшысы аталған бағыттардағы жұмысты жандандыру маңызды екенін атап өтіп, жүктелген міндеттердің жоспарлы орындалуы еліміздің экономикасын нығайтуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға айтарлықтай мүмкіндік беретінін айтты.

Президент «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшинді қабылдады. Кездесуде басқарма төрағасы Мемлекет басшысына холдингінің былтырғы атқарған жұмыстары мен биылғы стратегиялық бағыттарының бүгінгі аяқ алысы жөнінде есеп берді.

Рустам Қарағойшиннің айтуынша, «Бәйтеректің» бизнесті қолдау ісіне қосқан жалпы үлесі – 2,5 триллион теңге.

Компания экономиканың орнықты әрі сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі,

## Газ жеткізу көлемі 19 пайызға ұлғайған



Мемлекет басшысы «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады. Басқарма басшысы Президентке ұлттық компанияның былтыр атқарған жұмысының есебін беріп, алдағы кезеңге арналған жоспармен таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ауқымды инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы барысы, Қашаған газын өңдеудің жаңа бағыттары, сондай-ақ газ саласына 12 миллиард доллар көлемінде инвестиция тарту мәселесі жөнінде баяндалды.

Санжар Жаркешовтің айтуынша, «QazaqGaz» компаниялар тобы өңірлерді дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар ірі газ құбырларын тартып, іске қосқан. Олардың құны 400 миллиард теңгеден асады.


Мемлекет басшысына елімізді газбен қамту жұмыстары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, 11 өңірдегі 112 елді мекен газға қосылды. Нәтижесінде, қосымша 213 мың тұрғын табиғи газбен қамтамасыз етілді. Компания былтыр ішкі нарықтағы газ бағасын субсидиялауға 175 миллиард теңге бөлді. Сонымен қатар «QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы табиғи газды экспорттау және тасымалдау жөніндегі міндеттемелерін толық орындап отыр.

Бұдан бөлек, Президентке жаңа «Анабай» газ-кен орнын пайдалануға беру, сондай-ақ газдың ресурстық базасын дамыту жұмыстары жөнінде ақпарат берілді. Қабылданған шаралардың арқасында еліміздің ішкі нарығына газ жеткізу көлемі 19 пайызға ұлғайды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа берілген мәліметке сәйкес ұлттық компания ауа райы күрт суытып, газ тасымалдау жүйесіне шектен тыс жүктеме түскен кезде ішкі нарықтың сұранысын толықтай өтеп, тұрғындарды көгілдір отынмен үздіксіз қамтамасыз еткен.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы газ саласын кешенді түрде дамытуға, соның ішінде ішкі нарықты газбен тұрақты түрде қамтуға, ресурстық базаны кеңейтуге, аталған саланың өзекті мәселелерін шешуге және оның инвестициялық тартымдылығын жақсартуға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

## Құттықтау жеделхаты



Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және өзінің атынан Қос кие сақшысы, Король Салман бен Әбделазиз Әл Саудты Сауд Арабиясы Корольдігінің негізі қаланған күнмен құттықтады.

«Бүгінде Сауд Арабиясы – саяси дамыған халықаралық қауымдастықтың тұғыры берік, экономикасы қарыштап беделді мүшесі. Аймақтық бірлікті,

тұтастық пен бітімгерлікті ту еткен еліңіздің алдағы уақытта да Сіздің басшылығыңызбен игі мақсат-мұраттарға жете беруіне тілектестік білдіремін. Біз Корольдікті Қазақстанның Ислам және араб әлеміндегі сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі деп білеміз. Осы ретте дәстүрлі достық пен мазмұнды саяси диалогке негізделген ықпалдастығымыз өзара тиімді сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығымызды нығайтуға арқау бола беретініне кәміл сенемін», деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының Короліне мол бақыт, ұзақ ғұмыр, ал бауырлас сауд халқына бақ-береке тіледі.

РЕСМИ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа электрондық нысанда қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 9 желтоқсанда Бішкекте жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 22 ақпан № 63-VIII ҚРЗ

САРАПТАМА

## ҰБТ-2024: Өзгеріс пен жаңалық

Ұлттық бірінші тестілеу (ҰБТ) биылға бір рет өтті. Қаңтардағы тестілеу жоғары оқу орнының тек ақылы бөліміне түсуге жарайды. Алда үміткерлерді әлі грантка түсуге мүмкіндік беретін екі және нәтижесі ақылы оқуға жарайтын тағы бір тестілеу күтіп тұр.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

### Өзгеріс қашан басталды?

Сол кезеңде қандай өзгеріс болуы мүмкін, қай мамандыққа сұраныс жоғары, алғашқы тестілеу қорытындысы қандай мәселенің барын көрсетті, болашаққа бағдар беретін ақпаратты қайдан табуға болады? Талапкерлерде туындаған, олардың ата-аналарын алаңдатқан осы және өзге де сан сұраққа жауап іздеп көрдік.

Ұлттық бірінші тестілеу тарихындағы екі үлкен реформаны айрықша атап өтуге болады. Оның бірі – 2017 жылдан бастап аталған тестілеу тек

жоғары оқу орнына түсу емтиханы болып бекітілгені. Оған дейін естеріңізде болса, ҰБТ-ға барлығы байланып қалған еді, оның нәтижесі «Алтын белгі», «Ерекше аттестат» алуға, мектептегі емтихан қорытындысына, тіпті аудандар мен облыстардың білім сапасындағы рейтингіне ықпал ететін. Мұның бәрі тестілеуде объективті бір нәтиженің шығуына кедергісін келтірді. Осыған орай, 2017 жылы маңызды шешім қабылданып, ҰБТ-ның нәтижесі жоғарыда аталған ешбір мәселеге, тіпті мектептегі қорытынды аттестатқа да әсер етпейтін болды.

(Соңы 13-бетте)

АЛАНДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

## Бала қауіпсіздігі – өзекті мәселе

Көшеде, үйде немесе мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің басым міндеті. Осы мақсатта заңнамалар жетілдіріліп, қажетті шаралар да қабылданып жатыр. Кеше Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде «Балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбында өткен дөңгелек үстелде мамандар осылай деді.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ, «Egemen Qazaqstan»

Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова биыл елімізде Бала құқықтары туралы конвенцияның

қабылданғанына 30 жыл толғанын атап өтті. Осы уақыт ішінде еліміз балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын арттыру жобасы үлкен жолдан өтті.

«Балаларға жасалған жағдайлар мен ұлттық саясаттың тиімділігін бағалау мақсатында 2021 жылы Балалар

әл-ауқаты индексі жасалып, енгізілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен биылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске қосылды. Жоба аясында Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы барлық бала арасында бөлінеді. Кәмелетке толғаннан кейін бұл қаражатты білім алуға немесе тұрғын үй сатып алуға пайдалануға болады. Қазір республикада 6,9 млн бала бар. 2027 жылға қарай олардың саны 8 миллионға дейін жетеді деген болжам жасалды», деді ол.

(Соңы 12-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

## Тері қашан теңгеге айналады?

Ауыл шаруашылығы министрлігі берген мәліметке сенсек, елімізде үш миллионнан астам тері өңдейтін 9 кәсіпорын бар.

Ержан ҚОЖАС, «Egemen Qazaqstan»

### Қауымдастық қауқары

Былыр ірі қара немесе түксіз жылқы терісін өндіру үшін 65 099 мың шаршы/дм тері өңделіпті. 2022 жылғы көрсеткіш – 144 785 мың шаршы/дм, сәйкесінше өткен жылғы көлем 55 пайызға төмен. Тері кәсібіне қатысы бар мамандар елде тіркелген 9 өндіріс орнының барлығы дерлік жұмыс істейтініне сенбейді. Олардың айтуынша, бірі тоқтап тұр, енді бірінің жұмысы шала-жансар.

Осы салаға қатысты өндіріс ошақтары



мен кәсіпкерлерге дем беру үшін 2012 жылы былғары шикізаты мен үлбірін қайта өңдеушілер қауымдастығы құрылған еді. Басты мақсат отандық

тері өңдеу зауыттарын қажетті шикізат көлемімен қамту болатын.

(Соңы 4-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 488.81

USD/KZT 450.47

RUB/KZT 4.84

CNY/KZT 62.65